

Облыстық сәулет-қала құрылысы Кеңесін құру туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімиятының қаулысы. 2002 жылғы 12 қарашадағы N 272. Атырау облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 13 желтоқсанда N 1220 тіркелді. ҚР Атырау облысы әділет департаментінің 2006 жылғы 23 мамыр 3-2185/06 хаты негізінде мемлекеттік тіркелуге жатпайды. Күші жойылды - Атырау облысы әкімиятының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 62 қаулысымен.

Ескерту: Күші жойылды - Атырау облысы әкімиятының 2009.03.27 N 62 қаулысымен.

ҚР Атырау облысы әділет департаментінің 2006 жылғы 23 мамыр 3-2185/06 хатынан үзінді:

Атырау облыстық әділет департаменті ертеде тіркелген нормативтік құқықтық актілеріне қайта тексеріс жүргізілген қорытындысы бойынша және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаментінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 4-2-1/и623 хатына сәйкес, Сізге Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 38-бабының талаптарына сәйкес келмейтін тіркелген нормативтік құқықтық актілердің тізімін, "Заң" деректер базасына тиісті жазбаларды енгізу ү ш і н , ж о л д а й д ы .

Қосымша 1 бетте.

А О Ә Д б а с т ы ғы

Қ о с ы м ш а :

11) Атырау облысы әкімиятының 2002 жылғы 12 қарашадағы N 272 "Облыстық сәулет-қала құрылысы Кеңесін құру туралы" қаулысы (Атырау облыстық әділет департаментінде 2002 жылғы 13 желтоқсанда N 1220 тіркелді)

...

Сәулет және қала құрылысының негізгі мәселелерін қарау үшін, ғимараттар жобаларының сәулет-құрылысы құжаттарының сапасын бағалау, бөлінген телімдердің объектілердің функционалдық бағытына сәйкестігін бақылау үшін облыс әкімияты қаулы етеді:

1. Облыстық сәулет-қала құрылысы Кеңесі құрылсын.
2. Облыстық сәулет-қала құрылысы Кеңесі жөніндегі ереже бекітілсін (тіркеледі).

3. Облыс әкімінің 2001 жылғы 18 маусымдағы N№225 "Облыс сәулет-қала құрылысы Кеңесін құру" туралы шешімінің күші жойылды деп есептелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.К.Нокинге жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімиятының
2002 жылғы 12 қарашадағы

N 272 қаулысымен бекітілді

Облыстың сәулет-қала құрылысы Кеңесі туралы

Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Кеңес өз қызметін облыс әкімінің және Сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаментінің басшылығымен жүзеге асырады.<*>

Ескерту. 1-тармақ өзгертілді - Атырау облыстық әкімиятының 2005 жылғы 28 ақпандағы N 81 қаулысымен.

2. Кеңес өзінің шығармашылық-өндірістік қызметінде Қазақстан Республикасының қолданымдағы заңнама мен осы ережені басшылыққа алады.

3. Кеңес құрамында Қазақстан Республикасы шығармашылық одақтарының мүшелері, сонымен қатар жұмыс процесінде тартылуға қажетті кәсіби қала құрылысшылары, сәулетшілер, суретші-әрлеушілер, суретшілер, инженерлер мен мамандар бола алады.

2. Кеңестің міндеттері

4. Кеңестің негізгі міндеттері болып табылады:

- 1) жобалау барысында біртұтас қала құрылысы саясатын жүргізу;
- 2) өндіріске жаңа технологияны енгізу мен компьютерлендіру;
- 3) жобалау жұмыстарының техникалық деңгейін арттыру;
- 4) сәулет-қала құрылысы қызметтің біліктілігін арттыру мен алдыңғы қатарлы тәжірибені енгізу.

3. Кеңестің құқықтары

5. Кеңес өз құзыры шегінде құқылы:

1) мөлтек аудандардың, аудандардың, сәулет-қала құрылысы тораптардың, қала құрылыс бағдарламалардың нобайлы жобаларын қарауға, келісім алуға, бекітуге;

2) сәулет-қала құрылысы Кеңесі қабылдаған шешімдердің орындалуына бақылау жасауға;

3) жергілікті атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты сұратуға;

4) әлеуметтік-демографиялық мәселелерді шешуде ұсыныстар мен кепілдемелер енгізуге;

5) қаралатын мәселелер бойынша кепілдеме түрінде қажетті шешімдер қ а б ы л д а у ғ а ;

б) өз отырыстарына мамандарды, отандық және шетелдік кеңесшілерін ш а қ ы р т у ғ а ;

7) жеке және заңды тұлғаларға қала құрылысы, сәулет және суретшілік-әрлеушілік мәселелер бойынша кеңестер беруге.

4. Жұмыстың ұйымдастырылуы

6. Кеңестің құрамы облыс әкімінің шешімімен облыстық мәслихаттың б е к і т і л у і н е ұ с ы н ы л а д ы .

7. ұ й ы м д ы қ к ұ р ы л ы м ы :

1) К е ң е с т ө р а ғ а с ы ;

2) К е ң е с т ө р а ғ а с ы н ы ң о р ы н б а с а р л а р ы ;

3) К е ң е с м ү ш е л е р і .

8. Кеңес төрағасы оның жұмысын басқарады, тиісті органдармен байланыста жұмыс істейді, кеңес мүшелері арасында міндеттерді бөліп береді және олардың орындалуын жүйелі түрде бақылауды жүзеге асырады. Кеңес төрағасы болмаған кезде оның міндетін оның орынбасарларының бірі атқарады.

9. Кеңес отырысы қажет болған жағдайларда оның мүшелерінің жартысынан кем емес бөлігі қатысқанда өткізіледі.

10. Кеңес шешімдері хаттама түрінде ресімделеді.